

Көктау ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 30 қарашадағы № 12 "Көктау ауылындағы елді мекендерге көше атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 24 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда № 5715 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Көктау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көктау ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2009 жылғы 30 қарашадағы № 12 "Көктау ауылындағы елді мекендерге көше атауларын өзгерту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-107 тіркелген, 2009 жылғы 29 желтоқсандағы аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Көктау ауылдық округі Көктау ауылының көше атауларын өзгерту туралы";

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Көктау ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көктау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көктау ауылдық округінің әкімі

Э. Болатов